

ӘОЖ 325.68

**ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРЫНДА КӨТЕРІЛГЕН
САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК, ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН РУХАНИ ДЕРБЕСТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қойгелдиева Зәуреш Жашаралықызы

zauuuuuu@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Журналистика және саясаттану
факультетінің PhD докторанты
Қазақстан, Нұр-Сұлтан

Ғылыми жетекшісі - ф.ғ.к., профессор Сақ Қ.Ө.

«Көркем және деректі тарихи туындыларда мемлекеттілік және мемлекетшілдік идеясы әрдайым көрініс табуы қажет. Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды. Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек», - деді Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев. Осы сөзді негізге ала отырып, еліміздің күннен күнге нығайып, дамуында әрбір қазақстандық азамат аянбай еңбек етуі керек деп есептеймін.

Алаш қозғалысы ұлт-азаттық қозғалыс ретінде біртұтас, мақсатты саяси, әлеуметтік, мәдени үдеріс болды. Қазақ мемлекетін құру сәтсіздікке ұшырағанымен, Алаш қозғалысының азаттық идеялары, мәдени, ғылыми басқа да дәстүрлері кеңестік жылдардың өзінде қазақ қоғамында өмір сүріп жатты. Ұлттық байланыстың нығаюына байланысты ХІХ-ғасырдың екінші жартысында саяси тәуелсіздік пен рухани дербестікті аңсаған ұлттық идея тақырыбын қозғаған мерзімді басылымдар дүниеге келе бастады.

ХІХ ғасырдың екінші жартысы - Қазақстан үшін тарихи кезең, яғни шектеулі болса да саяси еркіндіктен біржола айрылып, орталық ахуалдың, саяси тәуелділіктің дәм-тұзын кезеңіне қадам басу уақыты. Кез-келген мерзімді басылымның басты міндеті ақпарат тарату болса, сол кезеңде жарыққа шыққан мерзімді басылымдар, сол міндетті толығымен орындай алды. Қазақ жазба тарихының бір бөлігін мерзімді басылымдар қатары құрайды. Қазақ тіліндегі газеттер Ташкент, Орынбор, Омбы сияқты қалаларда шыға бастады. Мерзімді басылымдар негізі 1870 жылдың сәуір айынан бастап шыға бастаған «Түркістан уалаяты газетінен» бастау алады.

Сонымен қатар, «Дала уалаятының газеті», «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті, «Ақ жол» газеттері шыға бастады. Шыққан басылымдардың басты мақсаты патша үкіметінің отарлау саясатын күшейту, оның бұйрық –жарлықтарын жергілікті халықтың ана тілінде жариялау арқылы патшаның ресми көзқарастарын тұрғындар арасына кеңінен таратып, қол астындағыларды бағындырып ұстау еді. Басылымның ішіндегі бізді ерекше қызықтырғаны «Ақ жол» газеті болды. Себебі, аталған басылымда сол кезеңнің басынан өткен қиындығы әр тараптан жазылып, басылып шығып отырған.

Бұдан тура жүз жыл бұрын 1921 жылы 6 сәуірде жазылған газет бетіндегі материалдар мен мақалаларда қазақтың (сол сияқты Түркістан өлкесін мекендеген басқа да халықтардың) іргелі ел қатарына қосылып, алға ұмтылуына бастамашыл болатын көптеген мәселелер қамтылғанын байқауға болады.

Сұлтанбек Қожанұлы негізін қалап, жауапты шығарушы (бас редактор) ретінде қол қойып отырған «Ақ жол» газетінің тігінділерін парақтасақ, «Жас алаш» газеті туралы біраз

мәліметті ұшырастыра аламыз. Мысалы, «Ақ жолдың» 1921 жылғы 6 наурыздағы санында Ташкенттегі қазақ-қырғыз институтында студент жастардың жалпы жиылысы өтіп, газет жайы талқыланғандығы былайша сөз етіледі: «Жастар газетінің атын «Жас алаш» қойды. Газетті басқарып тұратын 3 кісілік жазушылар ұйымы тағайындалды. Бұл 3 кісі жазда еліне қайтпастан, Ташкентте қалып, газет жұмысын атқарып тұруға міндетті болды. Жазушылар ұйымына кіргендер: Ғани Мұратбаев, Әлжан Бұқарбай. Бұлардан басқа және екі адамды жазушы қылып тағайындады». Мұнан соң, жастар газетінің екінші саны 1921 жылғы 11 сәуірде шыққаны хабарланып: «Бұл аяқ алысынан танбаса, «Жас алаш» сүп-сүйкімді газет болады», - деп үміт артады («Ақ жол», 12.04.1921). Одан әрі «Жас алаш» газетіне жазылу науқаны («Ақ жол», 23.12.1921), сондай-ақ басылымның материалдық-қаржылық қиыншылықтары («Ақ жол», 29.02.1921) туралы мәселе көрініс тапқан. Бұл Алаш арыстары шығарған «аға» газеттің баспасөз майданындағы өз «ізбасарына» қалайша қамқорлық танытқанын аңғартады.

Саяси-идеялық ұстанымы «Қазақ» газетінен бастау алған «Ақ жолдықтар» әрісі Франция мен берісі Ресей астанасы Мәскеуден бастап, өз өлкеміздегі жағдаяттардан да хабардар ету мақсатын ұстанғаны байқалады. «Ақ жол» сәрсенбі, 6 апрель, 1921 жылғы санында «Түркістан ортақшыл партиясының барша обылыстық комитеттеріне, кәсіпшілік кеңестеріне, үйездік партия комитеттеріне, кәсіпшілік ұйымдарының үйездік қалалық бюроларына, аудандық темір жол тиакаларына» жолдаған «Екпінді хат» атты хабарламасында «Қызыл дихандарға жәрдем күнін» белгіленгенін, яғни «жексенбілік» күні 5 сәуірге бекітілгені және сол күні «мейрам қылатын ұйымдардың» міндеттері толық қарастырылған. Жер-жерден «рисер» бюролары ашылып, қажетті құрал-саймандармен қамтылып, үгіт-насихат жағы «мейлінше» көңілдегідей ұйымдастырылуы қатаң ескертілген. Фабрика жұмыскерлері мен басқа да қол жұмыскерлері үшін «темір жол дүкендері ескі темірлерден соқа, тырмалар соқсын», деп нақтыланған. Бұл – жермен айналысатын шаруаларға – «қызыл дихандарға» – қамқорлықтың бастамасымен елді құлақтандырудың басы еді. Бұл ақпаратты жанрына қарап үндеу-мақала қатарына қостық. Себебі ақпаратта көпшілікке арналған үндеу ретінде жарияланған.

Бұдан кейінгі сол санында «Қызыл казарма жетісі» атты мақалада кеңес үкіметінің үш жылдық қысқа тарихында болған тарихи оқиғалар сараптамадан өткізіледі. «Октябрь төңкерісі туғаннан бері үш жылдан асып кетті. Бұл үш жылдың ішінде кеңес хүкіметі басынан талай бәлелерді кешірді. Алғашқы уақытта Колчак, Деникин, Бодинич, соңғы уақытта Врангел секілді жандаралдар шығып, кеңесшіл Россия хүкіметін құртпақ үшін құралды әскерімен Россияның еңбекшілеріне қанды қылыштарын көтерді», – дей келіп, бұл іске «бүкіл дүние жиһангерлерінің» де «ақша, құрал, ақыл, адам жәрдемдерін беріп, жағаларына түкіріп, тілектерін тілеп отырғанын» да ескертеді. Уақытша үкіметтің кемшілігін, кеңес үкіметінің артықшылығын түйіндей келе, екі өзгерістің де халық үшін алға басушылыққа алып келе жатқанын көрсетеді. Мағынасына қарап ақпараттық жанрлар қатарына жатқыздық себебі, қоғамдық пікірге елеулі ықпал етіп, қоғамдық сананың қалыптасуына әсер етіп тұр.

Дегенмен, қызыл әскердің күші соның бәрінен төтеп беріп, «кеңесшіл жарлы-жақыбайлар хүкіметін» сақтап қалғанын мақтан етеді. Алайда «үш жыл әлеумет соғысы» мен «аламаншылармен» шайқас кесірінен хүкімет қызыл әскердің тұрмыстық жағдайын жасай алмағаны, казармалардағы «школалардың» «қирағатхана, клуб, кітапханалармен жабдықталмай жатқаны, «жақсы білікті жол басшы» болар азаматтардың аздығы, соғыс өнерімен қатар хат тану жағынан да кемшін түсіп жатқан жайы сөз болған. Осындай кемшіліктерді жою мақсатында «Қызыл казарма жетісін» ашу мақсаты мен оның мерзімін 2 апрельден бастау қажеттігіне ерекше тоқталып өтеді. Қызыл әскердің денсаулығы мен біліктілігін жетілдіруі, тазалығы мен жыртықсыз киінуіне де баса назар аудару қажеттігін алға тартады. «Бірақ мұны бір жетінің ішінде істеп бітіру оңай емес. Сонда да болса, бар күшімізді салып, қызыл әскерге ықыласымызды, махаббатымызды білдіру борышымыз», – деп түйіндейді авторы Қ. Құлетов деген азамат. Кез келген мемлекеттің іргетасы оның жерін,

азаматын қорғайтын әскері екендігін алға тартқан автор «Қызыл казарма жетісін» осы істердің бастауы деп таниды. Апталықты жақсы өткізуді «еңбекші қызметкерлердің» қамқорлығы деп ой түйеді.

Келесі қысқа хабарламаларда «Сырдария облысының сиездері шақырылуы тақырыпты» комиссияның шешімі жарияланған. Онда «Сырдария һәм Ташкенттің, облыс-қалалық партия сиезі 15 апрельге дайындалды», – дей келіп, «Үйездік партия сиездерінен қанша адамнан қанша уәкіл сайлау» жөнінде бұйрықтармен таныстырылады. Франция Ортақшылдарының сиезі (Берлин-21) «8-майға Парижде шақырылады» деген хабарлама берілген.

Ішкі хабарлар бөлімінде қызықты және пайдалы ақпараттар беріліпті. «Өте пайдалы нәрсе» деген тақырыппен «Вронеч (Воронеж) шаһарында инженер Андреевтің қайың қабығынан ұлтан істеп шығару жолы табылды. Бұл ұлтан майысқақ, су өтпейді. Көннен берік мұны істеп шығаруға керекті заттар мол. Бір десятина жердегі қайыңнан 275 пұт дайын ұлтан істеп шығаруға болады» делінген хабарламада. Ақпарат жарнамалық бағытта жазылған, инженердің ұлтан жасайтындығы және заттың сапасы жоғары екендігіне ерекше тоқталған. Ал «Біздің байлық» деген қысқа хабарлама Тамбоф-22 (Тамбовтан) келіпті. «Лепинский үйезінде мол темір кені табылғаны» жайлы. «Темірдің ең қадірлі түрі кеннің жүзден 56-сы таза темір болып шықты. Бұл аудандағы кен 220 миллион пұт шамасы шығады», – деп, қуанышпен жар салған. Мағынасына қарап, жарнама ақпарат қатарына қостық. Келесі хабар Мәскеуден алыныпты. (Мәскеу-28) «Тұтқындарды тоқтатқанға наразылық» деген мақалада Франция хукіметінің орыс тұтқындарын қара жұмысқа салып, «ықтиярсыз күштеп ұстап отырғандығына» Чичерин жолдастың наразылығын баян етеді. Екі жақты келісім бойынша, ресейдегі француз тұтқындары мен 25 мыңдай орыс тұтқындарын алмастыру мәселесін қозғаған және егер бұл іс кешіктіріле берсе, «Россия хукіметі тиісті жазалауға кірісетіні» ескертілген. Ресейдің өз отандастарының тағдырына алаңдаушылық білдіріп, оны бейбіт жолмен шешуге талпынысы құптарлық іс. Автор келтірілген деректердің бәріне дерлік публицистикалық тұрғыда талдау жасауға, өз қабылдауындағы, түйсігіндегі бейнені суреттеп, дерек келтіре әңгімелейді. Мәскеу қызыл әскердің ел қорғауға сақадай сай болуына баса назар аударғанын келесі ақпараттан да көреміз.

Мәскеуден келген екінші жаңалық «Жалпы әскерлік өнерін үйрету» туралы қысқаша баян етіліпті. Айтылатын мағлұматтардың сипатына қарай ақпараттық жанр қатарына қостық. «Халық комиссарларының кеңесі жалпы әскерлік өнерін үйретуді жүзеге шығару үшін халық ағарту комиссариатына 4 миллиард 787 миллион сом ақша беруге қаулы қылды», – делінген. Бұдан әрі «Туған жеріне қайтып оралды» атты хабарламада «29 мартта Киевке Польшадан соғыс тұтқындарының алдыңғы бөлегі келді. Кеңесшіл Украинада оларға жейде, штан, азық-түлік, әдебиет берілгені» жайлы мәлімет берілген. Міне, «Қызыл әскер жетісі» (апталығы) арқылы тұрмыстық жағдайларын жақсарту, тұтқыннан азат ету, оларды ең қажетті заттармен, азық-түлікпен қамту және әскери өнерді дамыту мәселелері күн тәртібінен түспеуі – кеңестік жүйені орнатудағы міндеттердің маңыздылығының айғағы.

«Ақ жол» газетінің №44, сәрсенбі, 6 апрель, 1921 жылғы санында жарық көрген үш мәлімет бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін аса маңызды құжат болып табылады. «Қазақстанда» атты мәлімдеменің маңыздылығы сонда – Патшалы Ресей үкіметі қазақ жерлерін өз меншігі ретінде шығарған жарлығынан соң, Ақмола, Семей сияқты солтүстік облыстар, Астрахань, Саратов, Орынбор т.б батыстағы қазақ жерлері Ресей құрамында қалып кеткен еді. «Қазақстан кіндік комитетінің бірінші жиылысында Ақмола һәм Семей облыстарын Қазақстанға қосып алу, жергілікті мекемелерін қайтадан дұрыстап құру һәм сол екі облысқа байланысты мәселелерді сол жердің өзінде шешу үшін 5 кісілік комиссия жіберілмекші болған еді. Комиссияға кіргендер: кіндік атқару комитет төбе басы Меңдешов, Президиум мүшелері: Досов, Сейфуллин, еңбек комиссары: Заровский һәм сибревком жанындағы Қазақстан елшілігіне тағайындалған Әлиасқар Әлибаев. Һәр комиссариаттардан бұл комиссияға жәрдемші адамдар қосылып барлығы 100 шамалы кісі март басында жүріп кетті», – делінген.

Мерзімді басылымның бұл мәселені қуана хабарлауына негіз бар еді. Тарихқа жүгінсек, 1858 жылғы «Уақытша ереже» қазақ жерінің тағдырына үлкен соққы болғаны аян. Қостанай, Орынбор, Семей менен Ақмола Ресейдің құрамында қалып қоюы XIX ғасырдағы ақын-жыраулардың поэзиясында, XX ғасыр басындағы қазақ оқығандарының шығармашылығында, Алаш зиялыларының қаламының ұшында, көкірек түкпірінде мекендеген ең өзекті тақырып болды.

Әуірімдеп, 1919 жылы 19 қыркүйекте Қазақ әскери ревкомының Орынборды Қазақстанға қосу жөніндегі шешімі негізінде 1920 жылы 7 шілде күні Орынбор қаласы Қазақстанға қайтарылған болатын. Сол жылы 26 тамызда республиканың Құрылтай сиезі өтті. Осы Құрылтайда еліміздің шекарасы бекітілді. Алайда Ақмола мен Семей облыстары территориясы Сібір құрамында қалып қойған болатын. Өртүрлі сылтаулармен қазақтың ең шұрайлы жерлерін қайтаруға кеңес өкіметі асықпады. Сібір ревкомымен 2-3 жылға созылған тартыс ақыры дұрыс шешімін тапты.

1920 жылы 9-10 тамызда Ленин төрағалық еткен Бүкілодақтық Атқару комитетінің президиумында қазақ оқығандарының, алаштықтардың жанкешті еңбектерінің нәтижесінде екі облыстың жері кері қайтарылды. Қазіргі таңда алаштықтардың ерен ерлігін жалғастыру, жас ұрпақтың бойына ұлтжандылықты қалыптастыру кез-келген азаматтың парызы. Ұлттық кодымызды сақтау ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі.

Жоғарыда «Ақ жол» хабарлап отырған комиссия жұмысы негізінде Омбы уезінің жері екіге бөлініп, жартысы Сібірге, екінші бөлігі Қазақстанға берілді. Ал 1921 жылы 10 қарашада Омбы уезінің 15 болысы Шалқар уезіне берілді де, Ақмола губерниясына қосылды. Ресейдің құйтұрқы саясатын жалғастырған Кеңес өкіметі қазақтың ата-бабасынан аманатқа қалған өз жерін қайтармау үшін қанша айла-тәсілге жүгінсе де, түбі қайырлы болды. «Ақ жолдықтар» осы қуанышты хабарды, яғни жерлерді қайтаруға құрылған комиссияның мартта іске кіріскенін халыққа тарату арқылы өз саяси ұстанымын байқатты және ішкі-сыртқы жауларының да «көз құртына» айналды. Келесі екі қысқа хабарламаның бірі «Отырықшылыққа айналу» деп аталыпты. Самарқанның «Кәттә қорған үйезінде 3741 үй қазақ-қырғыздар көшпелілері отырықшылық қалыпқа шыққандығын білдірді. Олардан төрт көл болысында Шыршық деген жерге орналастырылса керек», – деп баян етеді. Ал екінші «Жетісуда» деп аталатын мәлімет тіпті қуантарлық. «Жетісудағы босқын қазақ-қырғыздарға түскен астық, ет, пішен салықтары алынбайтын болып, олардың сыбағасы жуан жұдырықтар үстінде таратылды», – деп сүйіншілейді. Нақты өмір шындығын публицистикалық тұрғыдан ашып көрсеткен. Сол кезеңдегі халыққа ауыртпалық әкелген салық саясатының зардаптарын жақсы білеміз. Ал туған жерінен босып кеткен қарапайым халық үшін бұл ақпараттың маңызы ерекше болғаны сөзсіз.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ баспасөзінде деректермен жұмыс жасау етек алды. Журналистер қандай да бір мәселені жариялай отырып оған күнделікті өмірден үзінділер беріп отырған. Жоғарыда біз сол кезеңде болған тіршіліктің біразымен таныстырдық. Жанрға талдау жасап, сол кезеңнің келелі мәселесінен үзінді келтіруге тырыстық.

Алғашқы санынан бастап-ақ өзінің саяси-идеялық ұстанымы «Қазақтықтармен», Алаш идеясымен ұштасып, елінің өсіп-өркен жайғанын мақсат тұтқан «Ақ жол» ұжымы әрбір газет бетінде жарық көрген хабардың халықтың көкірек көзін ашуға, ұлттық мүддені қорғауға, ұлт санасын оятуға арнағанын мақтан тұтамыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. // Егемен азақстан. 5 қаңтар 2021.
2. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX-ғғ.) Зерттеулер. - Алматы: - Жалын, - 2004. 135-б.
3. Уикипедия - ашық энциклопедия. 24.03.2021.
4. Шәріп А. Жас Алаш – 100. // Фейсбук. 23.03.21

5. Хәзіретәлі Т. Ақ жол»: газеті ұлттық идеяның ұйытқысы еді. // Абай.kz. 29.12.20
6. Шілдебай С. Тұңғыш төраға. // Ана тілі. 27.02.2020.
7. «Ақ жол» газеті көп томдық Нұр-Сұлтан -2020 3-томы 25-31 бет
- 8.Шындалиева М.Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы Астана, 2012.
9. Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы, - Алматы: 1998.